

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты

Ғылыми-әдістемелік кеңестің отырысы
№ 4 хаттама

16 сәуір 2025 жыл

Ақтөбе.

Төраға: институт бастығының орынбасары полиция полковнигі А.Сахарбай.

Төраға орынбасары: ҒЗЖРБЖҰ бөлімінің бастығы полиция подполковнигі А.А. Сагинтаева.

Хатшы: ҒЗЖРБЖҰ бөлімінің ғылыми қызметкері полиция майоры И.О. Фаткулин.

Қатысты: Д.А. Амангельдиев, А.Ф. Саттарова, М.Ж. Найманбаев, Н.А. Чупринюк, Е.Т. Алдияров, Н.Т. Саханова, Л.А. Жубандыкова, А.К. Ибраева, А.Е. Шамганова, Е.Е. Туребеков, А.А. Мерғалиев, Н.И. Каирова, В.В. Хасанова, А. Шамганова, Д. Муканова, А. Длимов, Е.К. Балмуханов, Г. Кузекова, К. Ерланұлы, М. Сагинбаев.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізуді талқылау.

Жауапты: ҚПЖК каф. бастығы полиция полковнигі Н.Т. Саханова.

2. Магистранттардың жеке жұмыс жоспарларын орындау барысы туралы

Жауапты: ТЗАБМДО аға оқытушы-әдіскері полиция подполковнигі А. Назарбаева.

3. Зерттеу тақырыптары бойынша ІІМ бейіндік секция отырысында айтылған кемшіліктерді жою туралы.

Жауапты: Ғылыми зерттеу тақырыптарының жетекшілері.

4. «ТЗЗ істері бойынша құқық бұзушылардың жанжалды мінез құлықтарын түзету бойынша психологиялық көмек» зерттеу тақырыбы бойынша әзірленген Стандартты қарастыру.

Жауапты: Кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны А.Е. Шамганова, оқытушылары полиция подполковнигі А.А. Салимов, полиция подполковнигі С.А. Мендыбаева.

5. Институттың Ғылыми қызметі жоспарының орындалу барысы туралы

Жауапты: Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы полиция подполковнигі А.А. Сагинтаева.

6. Институттың ғылыми үйірмелерінің жұмысы туралы

Жауапты: Үйірме жетекшілері

Қосымша сұрақтар:

6.1. 1. «Заң ғылымы және білім беру: өзекті мәселелер мен инновациялар» ХҒТК өткізуге дайындық барысын талқылау

Жауапты: Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы полиция подполковнигі А.А.Сагинтаева; Жас мамандар кеңесінің төрағасы полиция подполковнигі Қ. Ерланұлы.

6.2. Қазақстан Республикасы ІІМ арнаулы және әскери оқу орындарының тыңдаушылары арасындағы сайысқа жіберу үшін институт курсанттарының ғылыми жұмыстарын қарастыру.

Жауапты: Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы полиция подполковнигі А.А.Сагинтаева.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.Сахарбай: «Қайырлы күн офицер мырзалар! Бүгін ғылыми-әдістемелік кеңестің төртінші отырысы өтуде». Күн тәртібіндегі мәселелер жарияланды. Бірінші мәселе бойынша жауапты тұлғаға сөз берілді.

ТЫҢДАЛДЫ:

І) Н.Т.Саханова: «Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарының 2 бөліміне сәйкес 2025 жылы оқу және тәжірибелік процеске Профессор-оқытушылар құрамының келесі нәтижелері енгізілді:

ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу процесіне:

1. Саханова Н.Т., Сулейманова Г.Ж. 2 монографиясы;
2. Ф.Т.Галым мен Н.Т.Саханованың 2 әдістемелік ұсынымы;
3. Ф.Т.Галым мен Н.Т.Саханованың оқу құралы;
4. С.М.Минайдаровтың оқу құралы;
5. Е.А.Церковнова мен Д.С.Муканованың оқу құралы;
6. Н.Т.Саханова мен авторлық коллективтің әдістемелік ұсынымы.

БҚО ПД Тәжірибелік қызметіне:

1. Ф.Т.Галым мен Н.Т.Саханованың 2 әдістемелік ұсынымы;
2. Ф.Т.Галым мен Н.Т.Саханованың оқу құралы.

Тәжірибелік қызметке енгізу жоспарлануда:

1. Н.Т.Саханованың монографиясы;
2. Н.Т.Саханова мен Г.Ж.Сулейманованың әдістемелік ұсынымы;
3. С.М.Минайдаровтың оқу құралы;
4. Н.Т.Саханова мен Г.Ж.Сулейманованың монографиясы;
5. Е.А.Церковнова мен Д.С.Муканованың оқу құралы;
6. Н.Т.Саханова мен авторлық коллективтің әдістемелік ұсынымы.

Оқу процесіне енгізу жоспарлануда: Н.Т.Саханова мен Г.Ж.Сулейманованың әдістемелік ұсынымы.

Профессор-оқытушылар құрамының оқу және оқу-әдістемелік құралдарының тізімі қосымша ретінде берілді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2.Нәтижелерді игеру қолға алынсын.
Жауаптылар: Н.Т.Саханова

2)А.Ф.Саттарова магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі негізінде жеке жұмыс жоспарларын орындау барысы туралы баяндады:

- полиция капитаны А.Г.Жумагуловтың тақырыбы бекітіліп, 4 ғылыми мақала дайындалған, теоретикалық және эмпирикалық материал жинақталған;

- полиция майоры М.А.Келимбердинның тақырыбы бекітіліп, 4 ғылыми мақала дайындалған, 4 дөнгелек үстел мен 3 ғылыми конференцияға қатысу, теоретикалық және эмпирикалық материал жинақталған;

- полиция майоры И.Т. Жабагинованың тақырыбы бекітіліп, 3 ғылыми мақала дайындалған, 3 дөнгелек үстел мен 5 ғылыми конференцияға қатысу, теоретикалық және эмпирикалық материал жинақталған, зерттеу тақырыбы бойынша анкета дайындалған;

- полиция майоры Е.Ахбалинның тақырыбы бекітіліп, 1 ғылыми мақала дайындалған, 2 дөнгелек үстел мен 2 ғылыми конференцияға қатысу, теоретикалық және эмпирикалық материал жинақталған, зерттеу тақырыбы бойынша анкета дайындалған.

Магистранттар есебінде ғылыми жетекшілермен бірлесе отырып диссертация тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізілуі туралы айтылған.

Қазіргі уақытта магистранттардың жеке жұмыс жоспарларында жоспарланған жұмыстардың орындалуы туралы белгі қойылмаған (науырыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін).

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2.Магистранттардың жеке жұмыс жоспарларында жоспарланған жұмыстардың орындалуы туралы белгі уақытында қойылу, орындалған жұмыстар есебін уақытында ұсыну (мерзім: ай сайын, жауапты: магистрант).

3.Ғылыми жетекшілерге магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауын бақылауға алу (мерзім: ай сайын, жауапты: магистрант).

4. Жоспарланған жұмыстардың орындалуын бақылау ҚДФ бастығы полиция полковнигі **А.Ф.Саттароваға** жүктелсін.

3)Үшінші сұрақ бойынша Л.Жубандыкова және А.Шамғанова баяндады.

Л.Жубандыкова:«Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдары/Причины и последствия насилия в отношении женщин и детей»тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы ІІМ 2025 ж.Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарының 3 бөлімі мен ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарының 2 бөлімі және Қазақстан Республикасы ІІМӘкімшілік полиция комитетінің сұранысы бойынша жүргізіледі.

келесі іс-шаралар жүргізілді:

п1. Авторлық коллектив құрылды, оның құрамында:

- қылмыстық құқық және криминология кафедрасы - әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың детерминанттарына криминологиялық талдау жүргізеді;

- ПО әкімшілік қызмет жән әкімшілік құқық кафедрасы – әдістемелік ұсынымдарды дайындайды;

- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мамандарын дайындау орталығы - эмпирикалық материал жинақтайды және зерттеу нәтижелерін орталықтың оқу процесінде апробация жасайды;

- магистрант – зерттеу жұмысына қатысады.

п 2. кеңейтілген кафедра отырысында (09.01.2025 ж. № 10 хаттама), Ғылыми –әдістемелік кеңесте (22.01.2025ж. №1 хаттама) және Ғылыми кеңесте (31.01.2025ж. № 8 хаттама) қарастырылған жұмыс бағдарламсы әзірленді.

п 3. теоретикалық база әзірленуде, оның ішінде:

- отандық және шетелдік авторлардың ғылыми әдебиеттері (монографиялар, диссертациялар, ғылыми мақалалар, ғылыми зерттеу материалдары);

- ведомстволық сипатағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу сұрақтарын регламенттейтін ұлттық нормативтік-құқытық актілер (қылмыстық-құқытық, әкімшілік заңнама, басқа да заңдар мен заңға туелді актілер (бұйрықтар, нұсқаулар, ережелер), стратегиялық мемлекеттік және ведомстволық бағдарламалар;

- халықаралық тәжірибе (БҰҰ халықаралық ұйымдарының актілері, Еуропа кеңесінің, ТМД: декларациялар, конвенциялар, пакттер, факультативтік хаттамалар және т.б.) және шетелдік заңнама (жақын шетелдер: Украина, Грузия, Азербайджан Республикасы, Беларусь Республикасы, Молдова Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы;

алыс шетелер: АҚШ, Норвегия, Сербия, Великобритания, Германия, Франция, Болгария, Бельгия, Испания, Дания, Индонезия, Израиль, Швеция, Бразилия, Австрия, Канада, Турция);

п.4. Фокус-группаларға (зорлық-зомбылық құрбандары, сотталғандар, полиция қызметкерлері) сауалнама жүргізу бойынша анкета әзірленді.

п.6 ауыр және аса ауыр санаттағы зорлық-зомбылық қылмыстар бойынша қылмыстық істердің айыптау үкімдері және 5 жылдық статистикалық деректер жинақталып, талдау жүргізілді (2020-2025жж.).

Келесі іс-шараларды жүргізу жоспарлануда:

п.5 Зерттеу үшін анықталған респонденттердің топтарына сауалнама жүргізу;

п.8,9 жинақталған эмпирикалық материалдар мен анықталған негізгі детерминанттар нәтижелерін жүйелеу, оларды классификациялау;

А.Е.Шамганова «Заңгер психолог» ғылыми үйірмесінің қаңтар-сәуір айларында атқарылған жұмыстары туралы есебін берді: «Үйірме отырыстарында полиция қызметкерлерінің кәсіби деформациясы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби-қарым-қатынас мәдениеті туралы сұрақтар қарастырылды, талқыланды. Жеке және топтық қарым-қатынас дағдыларын тәжірибеде қолдану бойынша тренингтер мен жаттығулар өткізілді, пікір-таластар мен рөлдік ойындар ұйымдастырылды. Полиция қызметкерлерінің қызметіндегі моральдік таңдау мәселелері қарастырылды.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша жұмыстарды жалғастыру. Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижесі бойынша ғылыми мақалаларды дайындау және жариялау. Әдістемелік ұсынымдарды дайындау.

Бақылау Ғылыми зерттеу тақырыптарының жетекшілеріне жүктелсін.

Жауаптылар: Л. Жубандыкова, А.Е. Шамганова.

4) А.Е. Шамганова: «ТЗЗ істері бойынша құқық бұзушылардың жанжалды мінез құлықтарын түзету бойынша психологиялық көмек» зерттеу тақырыбы бойынша әзірленген Стандартты қарастыру барысында әрбір құқық бұзушының қатысу нәтижелері бойынша қорытынды психологиялық есеп дайындалды. Психологиялық жұмыстың тиімділігі жыл сайынғы мониторинг арқылы бағаланады (қайталама құқық бұзушылық көрсеткіштері, психоэмоционалды өзгерістер). Психологиялық көмектің нәтижелілігін бағалауға арналған сауалнама дайындалды».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «ТЗЗ істері бойынша құқық бұзушылардың жанжалды мінез құлықтарын түзету бойынша психологиялық көмек» зерттеу тақырыбы бойынша әзірленген Стандарт кемшіліктері түзетілсін.

Жауаптылар: А.Е. Шамганова, А.А. Салимов, С.А. Мендыбаева.

5) А.А.Сагинтаева: «Институттың Ғылыми қызметі жоспарына сәйкес оның позициялары, олардың уақытылы орындалуы тұрғысынан талданды. 2025 ж. қаңтар мен сәуір айларында келесі позициялар орындалмаған: п.128 3.3. Нұрыштың ғылыми мақаласы (мерзім: наурыз айы).

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Бөлім басшыларына ағымдағы кезеңдегі Институттың Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының тармақтарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету.

2.1 3. Нұрыш қатаң ескертілсін, мерзімге сәйкес ғылыми зерттеу қызметінің жоспары орындалмаған жағдайда тәртіптік шара қолдансын.

Жауаптылар: Е.Т. Алдияров. **Мерзім:** 25.04.2025 ж. дейін.

6) Е.Алдияров: «Жол қауіпсіздігі» ғылыми үйірмесі 2024 ж. қазан

айынан бастап Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасында өз қызметін атқаруда. Үәрме құрамында барлығы 17 курсант мүшелік етеді. Ғылыми үйірменің жетекшісі – полиция подполковнигі Қ.Ерланұлы.

2025 ж. басынан бастап ғылыми үйірме аясында 4 ғылыми отырыс өткізілді. Бұл жиындарда курсанттар өздерінің ғылыми жобаларын ұсынып, тәжірибе алмамуға мүмкіндік алды. Үйірме мүшелері арасында ұйымдастырылған институттық ішкі ғылыми жобалар байқауында Б.Нұржанованың жұмысы үзік деп танылды және жоғары бағаланды».

М.Елеусизова: «Жалпы заң пәндері кафедрасында курсанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы «Заңгер» ғылыми үйірмесі аясында жүзеге асырылады. Ғылыми үйірменің жетекшісі – полиция подполковнигі М.Елеусизова.

Үйірме мүшелері ретінде кәсіби даярлық факультетінің 1 курсынан 17 курсант қабылданды. 2025 ж. арналған үйірме жұмысының жоспары әзірленіп, бекітілді. Үйірме мәжілістері ай сайын өткізіледі. Үйірме мүшелері ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ережелерімен таныстырылды, Профессор-оқытушылар құрамынан ғылыми жетекшілер тағайындалды және ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру үшін қажетті шаралар қабылданды. «Ғылыми мақаланы жазудың негіздері» тақырыбында өткізілді.

Жалпы, үйірмеге қатысушылар түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысып, кәсіби дағдылар мен ғылыми әлеуетті қалыптастыруға ықпал етеді».

А.Шамғанова: «Заңгер-психолог» ғылыми үйірмесінің мүшелері ретінде 23 курсант қабылданды. Ғылыми үйірменің жетекшісі – полиция капитаны А.Шамғанова. Ғылыми үйірмесінің жұмысы барысында 4 практикум, этикалық және психологиялық тренингтер өткізілді, жағдайлық тапсырмалар орындалды. Өткізілген жұмыстар нәтижесі ретінде курсанттар негізгі психологиялық ұғымдарды меңгерді, коммуникация дағдыларын жетілдірді, практикалық, этикалық шешім қабылдау дағдыларын алды. Әр түрлі ғылыми іс-шараларға қатысып, ғылыми мақала жазу дағдыларын да алды».

Е.К.Балмұханов: «Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Арнайы-тактикалық даярлық кафедрасында курсанттарына ғылыми зерттеу қызметі «Мерген» ғылыми үйірмесінің шеңберінде жүзеге асырылады.

Ғылыми үйірмесінің жетекшісі АТД кафедрасының оқытушысы полиция майоры Е.К. Балмұханов (АТД кафедрасының мәжілісінің шешімі 2025ж.06.02. №12 хаттамасы) тағайындалды. «Мерген» ғылыми үйірмесінің мүшелері ретінде 23 курсант қабылданды.

Кәсіби даярлық факультетінің 1 курс 105-топ курсанты Ж.Қуанышев үздік ғылыми жұмыс конкурсына қатысуға (АТД кафедрасының мәжілісінің шешімі 2025ж.06.02. №12 хаттамасы) тағайындалды.

Ғылыми үйірмесінің отырысында ғылыми зерттеу тақырыптарын таңдау және ғылыми зерттеу өзектілігін негіздеу туралы талқыланып, «Пилотсыз

ұшу аппараттарының жүйесі шектеулі кеңістік маневр жағдайында акпараттарды жинау» тақырыбындағы ғылыми мақала таңдап алынды».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Ғылыми үйірмелер жұмыстары одан әрі жүргізілсін.
3. «Жол қауіпсіздігі», «Заңгер», «Заңгер-психолог», «Мерген» ғылыми үйірмелері жұмысы кафедралар басшылығы тарапынан бақылауға алынсын.

Жауаптылар: Е.Т.Алдияров, М.Елеусизова, А.Шамғанова, Е.К.Балмұханов, кафедра бастықтары.

6.1) Қ.Ерланұлы: «2025 ж. 25 сәуірінде институттың Ғылыми қызметі жоспарына сәйкес «Заң ғылым және білім беру: өзекті мәселелер мен инновациялар» тақырыбында ҒЗЖРБЖ бөлімі мен Жас ғалымдар кеңесімен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу жоспарлануда. Көптеген Ресей мен Қазақстандық ЖОО-на, құқық қорғау органдарына ақпараттық хаттар жіберілді.

Конференцияға дайындық жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. Конференцияға дайындық бойынша жұмыс тобы құрылып, ұйымдастырушылық шаралар қызметкерлер арасында бөлінді. Қазіргі таңда Ресей мен Қазақстандық ЖОО-ы мен құқық қорғау органдары өкілдерінен конференцияға қатысу туралы өтініштер мен материалдар келіп түсуде».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Заң ғылым және білім беру: өзекті мәселелер мен инновациялар» ХҒТК дайындығы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Жауапты: А.А.Сагынтаева.

6.2) А.А.Сагынтаева: «Қазақстан Республикасы ІІМ арнаулы және әскери оқу орындарының тыңдаушылары арасындағы үздік ғылыми жұмысы сайысының Ережесі» Қазақстан Республикасы ІІМ 09.08.2021ж. №461 бұйрығына сәйкес институт ішінде конкурстың 2 кезеңі ұйымдастырылды.

Сайысқа институттың 1 курс курсанттары қатысты. Курсанттардың 7 ғылыми жұмысы ұсынылды. Сайыстың 2 кезеңі бойынша 2 үздік жұмыс анықталды:

1. Институттың 1 курс курсанты Нуржанова Б. «Электрлі автомобильдермен жол қозғалысы ережелерінің сақталуының өзекті мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жұмысы. Ғылыми жетекші – Ерланұлы Қ.

2. Институттың 1 курс курсанты Максимов А. «Отбасы – ұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру» тақырыбындағы ғылыми жұмысы. Ғылыми жетекші – Мухамедьярова Б.

Аталған курсанттар институт бастығының грамотасымен марапатталды. Жоғарыда аталған ғылыми жұмыстарды сайыстың келесі кезеңіне 2025ж. 20

сәуіріне дейін сайыс талаптарына сәйкес ІІМ жіберу керек».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Аталған ғылыми жұмыстарды сайыстың келесі кезеңіне сайыс талаптарына сәйкес ІІМ жіберу.

Жауапты: А.А.Сагынтаева. **Мерзім:** 2025ж. 20 сәуіріне дейін

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын;

2. Нәтижелерді игеру колға алынсын;

2.1. Магистранттардың жеке жұмыс жоспарларында жоспарланған жұмыстардың орындалуы туралы белгі уақытында қойылу, орындалған жұмыстар есебін уақытында ұсыну (мерзім: ай сайын, жауапты: магистрант);

2.2. Ғылыми жетекшілерге магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауын бақылауға алу (мерзім: ай сайын, жауапты: магистрант);

2.3. Жоспарланған жұмыстардың орындалуын бақылау ҚДФ бастығы полиция полковнигі А.Ф.Саттароваға жүктелсін;

3. Ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша жұмыстарды жалғастыру. Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижесі бойынша ғылыми мақалаларды дайындау және жариялау. Әдістемелік ұсынымдарды дайындау. Бақылау Ғылыми зерттеу тақырыптарының жетекшілеріне жүктелсін;

4. «ТЗЗ істері бойынша құқық бұзушылардың жанжалды мінез құлықтарын түзету бойынша психологиялық көмек» зерттеу тақырыбы бойынша әзірленген Стандарт кемшіліктері түзетілсін;

5. Кафедра бастықтарына ағымдағы кезеңдегі Институттың Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының тармақтарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету; 3. Нұрыш қатаң ескертілсін.


6. «Жол қауіпсіздігі», «Заңгер», «Заңгер-психолог», «Мерген» ғылыми үйірмелер жұмысы одан әрі жандандырылсын;

6.1. «Жол қауіпсіздігі», «Заңгер», «Заңгер-психолог», «Мерген» ғылыми үйірмелері жұмысы кафедралар басшылығы тарапынан бақылауға алынсын;

6.2. Аталған ғылыми жұмыстарды сайыстың келесі кезеңіне сайыс талаптарына сәйкес ІІМ жіберу.

Төраға:

















Хатшы:















А. Сахарбай

И. Фаткулин

Институттың Ғылыми-әдістемелік кеңесі отырысының № 4
хаттамасымен танысу парағы, 2025 ж. «16» 04

1.  Д.А. Амангельдиев
2.  А.Ф. Саттарова
3.  М.Ж. Найманбаев
4.  Н.А. Чупринюк
5.  Е.Т. Алдияров
6.  Н.Т. Саханова
7.  Л.А. Жубандыкова
8.  А.К.Ибраева
9.  Е.Е.Туребеков,
10.  А.А.Мергалиев
11.  Н.И.Каирова
12.  В.В.Хасанова
13.  Д.Муканова
14.  А.Длимов
15.  К. Ерланұлы
16.  М.Сагинбаев

Институттың 2025 жылғы 16 сәуірде өткен Ғылыми-әдістемелік
кеңестің төртінші отырысына қатысқандардың тіркеу парағы

1.  Д.А. Амангельдиев
2.  А.Ф. Саттарова
3.  М.Ж. Найманбаев
4.  Н.А. Чупринюк
5.  Е.Т. Алдияров
6.  Н.Т. Саханова
7.  Л.А. Жубандыкова
8.  А.К. Ибраева
9.  Е.Е. Туребеков,
10.  А.А. Мергалиев
11.  Н.И. Каирова
12.  В.В. Хасанова
13.  Д. Муканова
14.  А. Длимов
15.  К. Ерланұлы
16.  М. Сагинбаев